




25-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
АШЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ

# ОЙЛАУ ЖӘНЕ СӨЙЛЕУ

Қорытынды дәріс





Бұл қорытынды дәрісте алдыңғыларында егжей тегжейлі баяндалған зерттеу жұмыстарын тезистеп, ықшамдап, сіздерге негізгі идеяны қорытындылап түсіндіруді жөн көрдік. Барлық дәрістердің мазмұнынан Лев Семенович психологияда, соның ішінде балалар психологиясының дамуына оразан зор еңбек етіп, бірнеше құнды теориялық тұжырымдар жасаған. Енді солардың негізгілеріне тоқталайық.

Егер баланың табиғи дамуында оның психикасы күрделеніп, сана-сезімі жетілетін болса, ал оқу-тәрбие жұмыстары арқылы оның дүниетанымы мен білімінің шеңбері кеңейеді. Оның дамып жетілуі, сыртқы ортадан түйсініп, қабылдаған, көріп білгендерін ой елегінен өткізіп санасының өрістеуіне әсер етуін сыртқы факторлардың (экстериоризация) ішкі факторларға (интерноризация) айналуымен белгіленеді. Осы жайт Выготскийдің адамның мәдени-тарихи дамуы жайындағы теориясының мәнісінен туындайды.

Л.С.Выготский теориясының енді бір ерекшелігі баланың айналасындағы адамдармен қарым-қатынас жасауда тарихи тәжірибелерді, тыныс-тіршілік шындығын өзгелердің сөзінен, тәлім-тәрбие өнегесінен жанамалай үйренуі. Осылайша бала өзінің дербестігін, жеке басының психикалық қасиеттерін өрістетеді, әлеуметтік ортадан меңгерген білімі мен әралуан мағлұматтары оның ішкі дүниесінің, психикасының дамуындағы ең жоғары қызмет, яғни, болмыстың бала санасындағы бейнелеуі деп аталады. Дамудың әлеуметтік факторын мойындаған психологтар үшін, оқыту маңызды мезет болып табылады. Л.С.Выготский психикалық дамуда оқытудың жетекші рөлі туралы көзқарасты көрсетті. Адамның жоғарғы психикалық функциялары мәдени-тарихи дамудың өнімі. Адамның дамуы түрлі құралдарды меңгеру арқылы болады. Жоғарғы психикалық функциялар біріккен іс-әрекетте, бірлестікте, басқа адамдармен қарым-қатынаста қалыптасады, біртіндеп ішкі жоспарға өтеді. Жоғарғы психикалық функция оқыту үдерісінде қалыптасады, ол «жақын даму аймағында» болады. Бұл түсінікті Л. С.Выготский енгізген. Оқыту «жақын даму аймағында» бағдарлануы қажет. Л. С. Выготский бойынша оқыту дамуды алып жүреді. С. Л. Рубинштейн Л. С. Выготскийдің ойын дәлдей отырып даму мен оқудың бірлігі туралы айтуды ұсынады. Оқу баланың дамуының белгілі бір деңгейіндегі мүмкіндігіне сәйкес болуы керек. Оқу барысында осы мүмкіндіктерді жүзеге асыру неғұрлым жоғарғы деңгейдегі жаңа мүмкіндіктерді дамытады. Вильям Штерн екі фактор конвергенциясын бөліп шығарды. Оның ойынша екі фактор да баланың психикалық дамуы үшін бірдей қажет және оның екі линиясын анықтайды. Бұл даму бағыттары қиылысады (бірі - берілген қатынастардың жетілуі, екіншісі - жақын ортаның әсерімен даму) яғни конвергенция болады.

Бала басынан кешірген әр қилы оқиғалар мен болмысты белгі, таңбалар ретінде танып-біліп, олардың мән-жайын түсінуі оның жан дүниесін байытады, яғни мұндай процесс баланың әрбір нәрсенің мазмұнын өз ойымен, ақылымен пайымдап білуін қалыптастырады. Дамудың осы жолы Выготскийдің айтуынша материалдық (заттық) дүние жоғары психикалық қызмет арқылы мәдени факторға (оның бейнесіне) айналады. Сондай-ақ жаттаудың сөздік-мағыналық еске айналуы, нәрселердің бейнесін көз алдына келтіріп елестету — сол зат жайындағы ойлау әрекетіне алып келеді, немесе бұлар творчестволық қиялға айналады, қарапайым қимыл-қозғалыстар ерікті қимыл-әрекеттерге ауысады. Жоғарыда айтқанымыздай ішкі процестердің бәрі сыртқы әсерлер нәтижесінде пайда болып, қайтадан ішкі процесстерге (интериоризацияға) айналады. Психикалық құбылыстардың пайда болуы туралы осы пікір баланың мәдени дамуындағы кез келген қызметтің сыртқы көрінісінің шығуы екі түрлі бағытта анық байқалады екен. Оның бірі — әлеуметтік сипатта болса, екіншісі — психологиялық сипатта көрініп отырады. Даму процесіндегі мұндай психикалық заңдылық алдымен адамдардың өз-ара қарым-қатынасы арқылы өріс алса, кейіннен оның нәтижелері адамның ішкі көңіл-күйінен жақсы байқалады. «Жоғары психикалық қызметтің даму тарихы» дейтін еңбегінде Выготский осы пікірін одан әрі дамыта түсіп, баланың жоғары психикалық қызметі әлеуметтік ортада ересектермен қарым-қатынас жасау арқылы туындан отырады осы жағдайда ғана оның сана-сезімі өсіп жетіледі. Выготскийдің бұл тұжырымы баланың «жақын арадағы даму аймағы» жайындағы қағидасын негіздеуге тірек болды.

**Выготскийдің психология саласындағы зерттеулерінде «психологиялық жүйелер» деген маңызды бір ұғым кездеседі.** Бұл ұғымның мәні түрлі психикалық қызметтердің арақатынасын білдіретін тұтас құрылымдар. Ол ойлау мен ес процестерінің өзара ұштасып, олардың арасында әр қилы байланыстар жасалып отыратындығын анықтап, осындай жүйелердің құрылымында басты рольді атқаратын бастапқы белгі (таңба) делінсе, ал одан кейінгі психикалық қызметті «жасаушалар», яғни адам психикасының ұлпаларын жасайды. Бұл жайт адам психикасының хайуанаттар психикасынан ерекше күрделі сипатта болатындығын көрсетеді.

Л.С.Выготский тұқымқуалаушы және әлеуметтік мезеттердің даму үдерісінде бірлігін көрсетті. Тұқымқуалаушылық баланың барлық психикалық функцияларының дамуында болады. Қарапайым



функцияларда (түйсіктен қабылдауға дейін), жоғарғы психикалық функцияларға қарағанда тұқымқуалаушылық деңгейі жоғары. Жоғарғы функциялар – адамның мәдени-тарихи дамуының өнімі, бұл жерде тұқымқуалау алғышарт болып табылады. Сонымен, тұқымқуалаушы және әлеуметтік әсерлердің бірлігі - бұл үнемі болатын құбылыс емес, ол ажыратылған, даму үдерісінде өзгерістерге ұшырайды.

Л.С.Выготский бала дамуының төрт негізгі заңдылығын бөліп көрсетті.

1. Циклділік
2. Дамудың бірқалыпты еместігі
3. Бала дамуындағы метаморфоздар
4. Бала дамуындағы эволюция және инволюция үдерістерінің байланысы

Ж.Пиаже өз еңбегінде «баланы оқытсаң да, оқытпасаң да психикасының дамуына, ақыл-ойының өріс алуына ықпалын тигізбейді» деді. Ж. Пиажені сынға алушылар әр елде көбейсе бастады, соның бірі Л.С.Выготский Ж.Пиаженің пікіріне қарсы шығып, «бала психикасы оқытудың негізінде қалыптасады, осыған орай баланың ықпалын дамыту үшін алдымен оны оқыту керек», - деді. Л.С.Выготскийдің айтуынша, оқыту баланың есеюін тездетеді, яғни оны алға қарай сүйрейді, егер баланы ақылды етемін десендер,- деді Л.С.Выготский,- оқыту тәсілдерін оның қолы жеткен даму дәрежесіне дәл ықшамдамай, шамалы алға қарай оздырып жүргізу керек. Сонда ғана оқыту баланың ой-өрісін алға қарай сүйрейтін болады, - дейді.

Педагогикалық психология саласындағы дамытушы оқыту теориясының негізін қалаушы В.В.Давыдов батыс ғалымдарының М. Коул, Д. Шерп, Ч.Лейв, Ж.Пиаженің пікірлерін қолдады. В.В.Давыдов ақыл-ой деп оқушылардың тиісті мәселелерді шешуде жалпы амал қолдана білуін айтатын болса, М. Коул мұны бала бір үйренген тәсілін өзге бұған қатысы жоқ жағдайға қолдана білуі деп түсінеді. Бірақ осының екеуі де баланың ой-өрісіне жатады. Бұл жерде осы зерттеулердің екеуінде оқытудың адам психикасының дамуына қатысы бар екеніне күмәнданады. Демек, екеуінің пікірі Ж.Пиаженің осы жөніндегі көзқарасына жақын.

**20-30-жылдары Л.С.Выготскийдің жоғарғы психикалық функцияларды дамыту қызметтері қалыптасты.** Л.С.Выготский Ф. Энгельстің адамның табиғатқа икемделудегі және өндіріс үдерісінде құралдардың көмегімен табиғат күштерін өзгертудегі еңбектің рөлі жөніндегі идеяларына сүйене отырып, еңбек – адамның құралмен істейтін іс-әрекеті, ол адамның мінез-құлық типін өзгертуге, адамды жануарлардан ерекшелуге жеткізеді деген ой айтты. Адамның бұл ерекшелігі оның іс-әрекетінің жанама сипатта болуынан білінеді. Жанамалау адамның сыртқы практикалық іс-әрекетінде құралды қолданатыны сияқты, өзінің ішкі психикалық іс-әрекетінде белгілерді (сөзді, цифрді, т.б) пайдалану негізінде мүмкін болады. Құрал мен белгінің ұқсастығы (психологиялық жағынан) олардың жанама іс-әрекетті жүзеге асыруға мүмкіндік беруінен көрінеді. Құрал мен белгі арасындағы айырмашылық олардың түрлі бағыттылығынан келіп шығады. Құрал сыртқары бағытталған, ол объектіде өзгеріс туғызуы тиіс, ол табиғатты игеруге бағытталған адамның сыртқы іс-әрекетінің құралы. Белгі ішке бағытталған, ол объектіде еш өзгеріс туғызбай, адамның мінез-құлқына әсер етеді. Табиғатты игеру мен мінез-құлықты игеру өзара байланысты, өйткені адамның табиғатты өзгертуі адамның өз табиғатын да өзгертеді. Құралды пайдалану мүшелердің табиғи іс-әрекет түрлерін өзгертіп, психикалық белсенділік мүмкіндігін шексіз күшейтіп, кеңейтін тәрізді, белгілерді (қосалқы құралдарды) пайдалану, яғни жанама іс-әрекетке көшу, адамның бүкіл психикалық іс-әрекетін өзгеріске түседі.

Адамның дамуы оқыту арқылы осы тәсілдердің (құралдардың да, белгілердің де) барлығын игеру үдерісінде жүзеге асады. Міне, сондықтан да, оқыту баланың психикалық дамуын анықтай отырып, оның өмірін ұйымдастырудың бүкіл жүйесінде негізгі орын алады. Демек, психика дамуының бұрынғы ұрпақ тәжірибесін игеруге себепкер белгі тәсілдерді меңгерілетін әлеуметтік ортадан тыс қаралуы да және оқытусыз түсінікті болуы да еш мүмкін емес. Сонымен, Л.С.Выготскийдің психологиялық теориясында адамның әлеуметтік мәні жөніндегі маркстік идея жүзеге асты. Мәдени дамудың жалпы генетикалық заңын Выготский былайша тұжырымдады: «...баланың мәдени дамуындағы қандай да болмасын іс-әрекет екі рет, екі бағдарда: әуелі – әлеуметтік, кейін – психологиялық, алдымен интерпсихикалық категория ретінде адамдар арасында, одан соң интрапсихикалық категория ретінде, баланың ішінде көрініс береді. Қандай да жоғары психикалық функция бастапқы әлеуметтік функция болатындықтан, өз дамуында сыртқы саты арқылы өтуі қажет.



Бала тілінің маңызды рөл атқаратын Л.С.Выготскийдің сөзімен айтқанда, мінез –құлықтың барлық жоғары формаларының ең көне негізі болып саналатын көрсеткіш ым. Бастапқыда көрсеткіш ым – іс-әрекет алдында затқа бағытталған сәтсіз қармау қимылы (қолын затқа қарай созады, бірақ ұстай алмайды). Балаға ересек адам келіп көмектесе отырып, сәбиді қызықтырған заттың көрсеткіші ретінде ымды ұғындырады. Осылайша көрсеткіш ым сәтсіз қармау қимылынан басқалар үшін көрсеткіш мәні бар ымға ауысады. Ым – белгіге, қармау – көрсеткішке айналады. Міне, осыдан кейін ғана бала өз қимылына көрсеткіш ретінде қарай бастайды. Басқаларға деген ым (белгі) өзіне деген ымға (белгіге) айналады. Сөйтіп, өзінің ымын ұғынуға бала ең соңынан жетеді. Оның мағынасы алдымен объективтік жағдайлар, ал соңынан баланы қоршаған адамдар арқылы жасалынады.

Барлық жоғары психикалық функциялардан адамдардың әлеуметтік қарым-қатынастары көрініп жатады. Л.С.Выготский адамның психологиялық табиғаты дегеніміз ішке енгізілген және жеке адам функциясы мен оның құрылымының формалары болған қоғамдық қарым-қатынастар жиынтығы деп жазды. Жеке адамның қалыптасу үдерісі дегеніміз жеке адамның кім болып шығуы оның басқа адамдарға жасаған қарым-қатынасы арқылы болады деген сөз. Мінез-құлық дамуының құралы ретіндегі сыртқы белгілері баланың ақыл-ой өрісінің дамуында ақау бар, жоқтығын психологтың анықтау қажеттілігі туған жағдайда маңызды көрсеткіш (диагностық) құрал болып та саналады. Ақыл-ой дамуында кемшілігі бар балаға жүргізілген бақылаулар бала белгілерді қолданған жерде кемшіліктің орнын толтыру мүмкіншілігі сақталатынын, дамудың келешегі бар екенін көрсетіп отыр. Ал, белгілерді қолдану бөгелген немесе қалыптаспаған жағдайда ақыл-ой дамуының да бөгеліске түсетіні немесе тоқтап қалатыны анықталды.

Мектеп жасына дейінгі балалардың психикасының дамуы бір қалыпты болмайды. Мұнда біз бір жас кезеңдерінің бір шама баяу, бірте-бірте өзгертіндігін, ескі психикалық белгілер жойылып, оның орнына жаңа психикалық белгілердің пайда бола бастайтынын байқап, кейде бала неғұрлым тез секіргенді түрде адам танымастай өзгеріп кететінін байқаймыз. 1-кезеңнен 2-кезеңге бұлай секіргенді өтуді дағдарысты даму дейміз. Баланы туғаннан мектепке барғанға дейінгі аралықтың өзінде бірнеше дағдарысты кезеңдерден өтеді. Әр даму кезеңдеріне өткен сайын, бір жастан екінші жасқа көшу барысында адам үлкен дағдарыстарға ұшырайды. Дағдарыс – қалыпты емес, «ауытқушылық» құбылысы, дұрыс емес тәрбиенің нәтижесі. Дағдарыстардың бір қалыпты кезеңдерден ерекшелігі, ұзаққа созылмайды, бірнеше ай болуы мүмкін. Осы қысқа, бірақ буырқанды сатыда баланың дамуында көп қасиеттер тез өзгереді. Осы уақытта даму апаттық сипатқа ие болуы мүмкін. Дағдарыстық және қалыпты даму кезеңдері кезектеседі.

Сондықтан да Л.С.Выготскийдің жас ерекшелік кезеңі келесі сипатқа ие:

- жаңа туылу дағдарысы – нәрестелік жас (2 ай-1 жас);
- 1 жас дағдарысы – ерте балалық шақ (1-3жас);
- 3 жас дағдарысы – мектепке дейінгі жас (3-7 жас);
- 7 жас дағдарысы – мектеп жасы (7-13 жас);
- 13 жас дағдарысы– өтпелі кезең жасы (13-17 жас)
- 17 жас дағдарысы.

Тарихи даму үдерісінде балалар өсетін жалпы әлеуметтік жағдайлар, оқытудың мазмұны мен әдістері өзгеріп отырады және бұлардың барлығы дамудың жас кезеңдерінің өзгерісіне әсер етпей қоймайды. Жас шамасы мен психикасының даму өзгешеліктерін білу үшін жас кезеңдерінің арасындағы сапалық өзгешеліктерді ажырату керек. Әр жас кезеңінің ұзақтығы әртүрлі болғанымен бір-біріне байланысты. Сондықтан әр жас шамасында балалық шақ кезеңі әртүрлі мөлшерде өтеді. Мысалы: нәрестелік кезеңде бір жылдың ішінде 5 сатыдан өтеді. 1-3 жасқа дейін 3 сатыдан, бастауыш сыныпта 3-4 сатыдан өтеді. Бұл баланың денесінің және психикасының әр кезеңде біркелкі дамымайтындығын көрсететін ерекше факт.

Психикалық дамудың шарттары, бастаулары және қозғаушы күштері ұғымы. Баланың психикалық дамуының қозғаушы күштері проблемасын кеңестік те, шет елдік те психологтар қарастырған. Кеңестік психологтар үш негізгі ұғымды бөледі:

- 1) дамудың қажетті шарттары;
- 2) психикалық дамудың көзі;
- 3) психикалық дамудың қозғаушы күштері.

Берілген проблеманы талдау жас кезеңдерін бөлу үшін негіздерді анықтаудағы түрлі ықпалдарды қарастыруды ұйғарады. Бала дамуының кезеңдерінің барлық ұсынылған схемаларын Л. С. Выготский үш





топқа бөледі:

1. Бірінші топ биогенетикалық заңға негізделген, осыған сәйкес онтогенез қысқаша түрде филогенезді қайталайды (С. Холл).

2. Ғалымдардың екінші тобы жас кезеңдеріне бөлудің критерийлері ретінде қандай-да бір белгіні алады. Кемшілігі, тек бір ғана критерий ұсынылады.

3. Үшінші топ: сипаттаушы принциптен бала дамуының өзінің мәнді ерекшеліктерін бөлуге ауысу. Бұл теорияның кемшілігі: олар дамудың эволюциялық концепциясына бағдарланады (дамуда ешқандай жана нәрсе пайда болмайды, мұнда тек о бастан берілген нәрселер ғана өсіп, ұлғаяды).

Индивидтің қоғамдық-тарихи тәжірибені меңгеру процесі баланың белсенді іс-әрекеті барысында жүреді және бұл көрініс табады. Бала психикасының дамуының қозғаушы күші шындықты меңгерудегі оның үлкендермен бірлескен өз іс-әрекеті болып табылады.

- 1) баланың психикалық үдерістері алдын ала анықталмаған, дайын түрде берілмеген;
- 2) бұл процестердің қалыптасуының өзі баланың заттық іс-әрекетінсіз мүмкін емес еді.

Оқыту мен даму проблемасын бірқатар ғалымдар тобы қарастырған, оларды үш топқа біріктіруге болады:

1. Бірінші тобы баланың даму үдерістерінің оқыту процестерінен тәуелсіздігі жайлы пікірді ұстанады. Оқытудың баланың белсенді дамуына қатысы жоқ, тіпті даму жетістіктерін пайдаланады. Даму циклдері әр қашанда оқыту циклдерінің алдында жүреді. Даму әр қашанда оқытудың алдында жүреді.

2. Екінші топ осы екі үдерісті бір тұтас ретінде қарастырады және келесі түрде белгілейді: оқыту даму болып табылады.

3. Оқымыстылардың үшінші тобы екі теорияны үйлестіруге талпынды: бір жағынан, даму процесі оқытуға тәуелсіз үдеріс ретінде ұғынылады, екінші жағынан – оқытудың өзі дамуға тепе-тең. Зерттеушілердің үшінші тобындағы позитивті болып табылатындар:

Л.С.Выготский осы теорияларды салыстырып, талдап және сынға ала отырып, ең маңыздысы ретінде мынаны анықтады: баланы оқыту мектептегі оқытудың алдында басталады. Мектептегі оқыту ешқашан да өзінен-өзі басталып кетпейді, ал әр қашанда өз алдында бала дамуының белгілі бір сатысына ие.

Ұғымдардағы ойлау шынайы өмірді танудың қолайлы тәсілі болып табылады, ол заттың ішкі мәніне енеді, белгілі бір затты тану — заттың жаратылысын түсіндіре алмайды, өйткені қозғалыстағы, заттың дамуындағы байланыстар мен қарым- қатынастар оларды өмірдегі басқа да шындықпен байланыстырады. Заттардың ішкі байланысы ұғымдардағы ойлаудың көмегімен ашылады. Қандай да бір зат жайында ұғым — осы заттың барлық басқа шындықпен бірқатар байланыстары мен қатынастарын ашу, құбылысты күрделі жүйесіне қосу.

Тілдік материалдар негізінде байланысты сөйлеу ішкі сөйлеумен тығыз байланыста болады. 5 жастағы балалардың ойы тілдің қозғалуымен еріннің жыбырлауы және өз ойын сыбырлап сөйлеу арқылы жүзеге асады. Өйткені адам өзінің ойының мазмұнын жақсы біледі. Балалар үшін ішкі сөйлеу өте қысқа және икемді болады. Атақты психологтар А.А.Люблинская, Л.С.Выготский, Жан Пиаже зерттеулерінде 4-6 жастағы балаларда эгоцентрикалық сөз формасы басым болады. Выготский балалық шақтағы эгоцентрлік сөйлеудің дамуы мен табиғатын эксперименттік және клиникалық түрде зерттеген. Бұл зерттеулер ғалымды қызықтырып отырған процесте аса маңызды мезеттерді бекітуге және баланың эгоцентрлік сөйлеуінің психологиялық табиғатын Пиаженің қарастыруынан басқаша түсінуге әкелді.

Выготский Пиаже орнатқан эгоцентрлік сөйлеудің мектеп жасында тез жойылып кетуі туралы факті бұл жағдайда эгоцентрлік сөйлеудің жойылуы емес, оның ішкі сөйлеуге айналуы немесе ішке кетуі екендігін айтуға мүмкіндік беретінін дәлелдеген ғалым. «Осы теориялық ой-толғауларға өз қатарымыздан бірдей жағдайда мектеп жасына дейінгі бала мен мектеп жасындағы балада да біресе эгоцентрлік сөйлеу, біресе үнсіз ойлау, яғни ішкі сөйлеу процестері жүретінін көрсететін эксперименттік зерттеуден алынған ой-толғауларымызды қосқымыз келеді» дейді Выготский.

Ойлау мен сөйлеудің дамуына қатысты Лев Семеновичтің тұжырымдарын қорытындылай келе, бала сөйлеуінің дамуында интеллектілікке дейінгі кезеңді, сол сияқты ойлаудың дамуында “сөйлеуге дейінгі кезеңді”, белгілі уақытқа дейін осы екі даму бір-бірінен тәуелсіз түрде, түрлі жолдармен жүреді, белгілі пункте екі жол қиылысады да, ойлау — сөз түрінде, ал сөйлеу интеллектілі болады деген ғалымның ойларымен қорытындылаймыз.



### Қосымша әдебиет:

1. Выготский Л.С. Диагностика развития и педологическая клиника трудного детства. // Выготский Л.С. Собр. соч. В 6-ти т. Т.5. – М.: Педагогика, 1983.
2. Выготский Л. С. Лекции по психологии. // Выготский Л. С. Собр. соч. В 6-ти т. Т.2. – М.: Педагогика, 1982.
3. Выготский Л. С. Младенческий возраст. // Выготский Л. С. Собр. соч. В 6-ти т. Т.4. – М.: Педагогика, 1984.
4. Выготский Л. С. Мышление и речь. // Выготский Л. С. Собр. соч. В 6-ти т. Т.2. – М.: Педагогика, 1982.
5. Выготский Л. С. Обучение и развитие в дошкольном возрасте. // Выготский Л. С. Психология развития ребенка. – М.: Смысл, Эксмо, 2004.
6. Выготский Л. С. О педологическом анализе педагогического процесса. // Выготский Л. С. Психология развития ребенка. – М.: Смысл, Эксмо, 2004.
7. Выготский Л. С. О психологических системах. // Выготский Л. С. Собр. соч. В 6-ти т. Т.1. – М.: Педагогика, 1982.
8. Выготский Л. С. Орудие и знак в развитии ребенка. // Выготский Л. С. Собр. соч. В 6-ти т. Т.6. – М.: Педагогика, 1984.